Сурет1. Сурет организация және суборганизация жұмысы.

Организация - суретте сұр түспен ажыратылған. Организацияның атқаратын жұмысы - қолданушының қызығушылығына сай жаңалықтарды мобильді құрылғысына жеткізеді. Ол жаңалықтарды мынадай деректер қорымен жұмыс атқарады:

1. Кітапхана жаңалығы – тіркелуші туралы ақпараттармен және кітаптар туралы мәліметтерді сақтайтын деректер қоры.
2. Интранет-книверситет жүйесіндегі сабақ жөніндегі ақпараттарды,ғылыми жобалар туралы жаңалықтарды сақтайтын деректер қоры.
3. Stud.kaznu.kz-студенттердің бір-бірімен таныстыру,оларды жалпы қызығушылықтарына байланысты жинап,оларға әр түрлі тақырыптарда сөйлесуге мүмкіндік беретін, өзара ақпарат алмасу деректер қоры.
4. Деканат хабарламалары - факультет ішіндегі жаңалықтар мен сабақ жөніндегі мәліметтер сақталатын деректер қоры
5. Спортсекция – спорт секциялары туралы ақпараттар мен тіркелуші туралы деректер қоры сақталатын деректер қоры.
6. Студенттерге қызмет көрсету орталығы - студенттердің жағдайына байланысты көмек көрсететін және қоғамдық ұйымдар туралы мәлімет сақталатын деректер қоры.

Суборганизация - сары түспен ажыратылған. Суборганизация жалпы организация қызметіне байланысты ішкі жұмыстарды атқарады. Жүйеде екі суборганизация бар: жаңалықтарды тарататын және жаңалықтарды қабылдайтын. Жаңалықтарды тарататын суборганизация қолданушының қызығушылығына байланысты жаңалықты A_{ij} кестесі бойынша анықтайды және жаңалық қызықтыратын болса жібереді, болмаса жібермейді. Жаңалықтарды қабылдайтын суборганизация қолданушы қызығушылығына байланысты жаңалықты қабылдайды және қолданушыға келген жаңалық керек болмаса, жаңалықтарды тарататын суборгагизация сол типтегі жаңалықтың қолданушыға келтірмеуді талап етеді.

Сыртқы орта - агенттерге жатпайтын, бірақ олар пайдалана отырып жаңалықтарды алып, қолданушыға жіберетін бағдарламалар мен құрылғылар. Сыртқы орта объектілері: мобильді телефондар, планшеттер.

Рөлдер моделі

Role Schema: NewsSend
Description: Send news to the user by the interest
Protocols and Activities:
Update PT, NewsGet, SendNews
Permissions: Reads news // read news from the database Changes Preference table // change the direction of sending news Responsibilities: Liveness: NewsSend=(NewsGet.CheckNews.SendNews.Update PT)^ω Safety: NewsSend=ω

Role Schema: NewsGet
Description: Takes the news, check if the news does not fit the interests of users, send news as unnecessary, if appropriate taking.
Protocols and Activities: Verify,GetNews
Permissions: Reads News // read incoming news Reads position // Read the position user Read interest // read user interest Changes PT // checks on the table, and it will recognize interest user if you do not need reports to no longer send this type news
Responsibilities: Liveness: $NewsGet = (Verify, NewsGet)^{\omega}$ Safety = ω

Қарым-қатынас моделі

ПРОТОКОЛ АТЫ: ЖАҢАЛЫҚ ЖІБЕРУ		
БАСТАЙТЫН РОЛЬ: Хабар жіберу	ҚАБЫЛДАЙТЫН РОЛЬ: Жаңалықты қабылдайды	КІРІС АҚПАРАТ: Жаңа хабар
1. Агент қолданушы қызығушылығын тексереді 2. Хабар жіберетін агент қолданушыға жаңалық керек болса жібереді, болмаса жібермейді. 3. Хабар қабылдайтын агент жаңалықты алады 4. Агент қолданушы қызығушылығын тексереді 5. Агент мобильді интерфейсі арқылы қолданушыға сигнал береді 6. Қолданушы хабарды хабарға қызығатын болса сақтайды 7. Егер хабар қолданушыға керек болмаса керек емес деп бұл типтегі хабарды енді жіберме деп жазады 8. Бұл хабарды агент хабар жіберетін агентке жібереді 9. Хабар жіберуші қызығушылығын келген сұраныс бойынша анықтап A_{ij} матрицасы өзгертеді 10. Агент A_{ij} матрицасы бойынша қолданушыға ол типтегі жаңалықты жібермейді		ШЫҒЫС АҚПАРАТ: Хабар қолданушы телефонына сақталады НЕМЕСЕ Хабар қабылданбайды

Әдебиет:

- 1.Тарасов В.Б. От многоагентных систем к интеллектуальным организациям: философия, психология, информатика. – М.: Эдиториал УРСС, 2002. – 352 с. 42.
- 2.Тарасов В.Б. Агенты, многоагентные системы, виртуальные сообщества: стратегическое направление в информатике и искусственном интеллекте // Новости искусственного интеллекта. – 1998. – №2. – С. 5-63. 43.
- 3.Теория управления: Учебник / Под общ. ред. А.Л. Гапоненко, А.П. Панкрухина. - М.: Изд-во РАГС, 2003. - 558 с
- 4.JADE - Java Agent DEvelopment Framework (<http://jade.tilab.com/>). 57.
- 5.Marsella, Stacy, Pynadath, David V. and Read, Stephen J. PsychSim: Agent-based modeling of social interactions and influence., in Proceedings of the International Conference on Cognitive Modeling, Pittsburg, 2004. 58.
- 6.MASwarm Agent Platform (<http://navizv.github.io/MASwarm/>) 59.
- 7.NetLogo Homepage (<http://ccl.northwestern.edu/netlogo/>). 60.
- 8.Okada, Daijiro, Tercieux, Olivier Log-linear dynamics and local potential // Journal of Economic Theory – May 2012 – Volume 147, Issue 3 – P. 1140–1164.
- 9.Варшавский В.И. Коллективное поведение автоматов - М. Наука, 1973
10. Варшавский В.И., Поспелов Д.А. Оркестр играет без дирижера, М: Наука, 1984.
11. Городецкий В.И., Карсаев О.В., Самойлов В.В., Серебряков С.В. Инструментальные средства для открытых сетей агентов Известия РАН. Теория и Системы Управления. — Москва: Наука, 2008. — Вып. 3, С. 106-124.

УДК 69.001.5

ЗЕРДЕЛІ ҮЙ – БҮГІНГІ БОЛАШАҚ

Сейтжанов Ш.Ә., Хафизова Г.С., Канжекенова Е.Е.

(Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ)

Оң мыңдаған жылдар бұрын біздің ата-бабаларымыз баспана мен тұрғын үй ретінде үңгірлерді таңдаған, сонымен қатар, сол үңгірді алу үшін үңгірдің азуы алты қарыс жолбарыс немесе алып аю секілді аңдармен де шайқасқан. Осының барлығы өзін қауіпсіздікте сезіну үшін, отбасы мен аз мүлкін сыртқы жаулардан, аңдардан және қолайсыз ауа-райынан қорғау үшін жасалды. Мыңдаған жылдар өткен соң құрылыс дәуірі басталды, тас пен ағаштан үйлер және сарайлар салына бастады. Жүз жыл бұрын өз шатырларын аспанға созған биік зәулім үйлер салынды. Адамзат тұрғын үйді, оның беретін қауіпсіздігі мен жайлылығын қажет етеді.

Жылжымайтын мүлікке қатысты жалғыз мәселе ғана жылдар бойы өзгеріссіз келеді. Ол – үйдегі барлық шаруаларды бақылайтын көздер мен қолдар жеткіліксіздігі. Мыңдаған жылдар бойы бұл мәселені біркелкі шешіп келді – үйдегі барлық шаруаны шешу үшін басқа адамдарды пайдаланды (құлдар, қызметшілер). Бүгінгі таңда алғаш рет бұл жағдай өзгерді: біздің тұрмысты бірнеше есе жеңілдететін техникалық шешімдер, яғни «зерделі үй» деп аталған жүйелер пайда болды [1].

Алдыңғы онжылдықта ғана фантастика болған нәрсе, бүгін шынайы өмірден орын алып отыр. Өздігінен бірнеше тұрмыстық тапсырмаларды орындай алатын ақылға ие үйлер пайда болуда. «Зерделі үй» деп аталатын осы жүйе не жасай алады? Инженерлік, мультимедиялық жүйелерді, қауіпсіздік жүйесін өзі басқару және кейбір медициналық

көмек түрлерін көрсету арқылы өзінің иелерін жоғары деңгейлі жайлы өмірмен қамтамасыз етеді. Зерделі үйде барлық ішкі жүйелер берілген тапсырма бойынша қызмет көрсетуші ортақ басқару орталығымен байланысты. Зерделі үй көпфункционалды және қайталанбас, тапсырыс берушілерге әр түрлі функционалдық қабілеттері бар зерделі үйлер ұсынылады. Зерделі үйді басқару – басты ерекшеліктің бірі болады, оны мобильдік байланыс арқылы немесе қашықтықта басқару пультімен жүргізуге болады, егер қаласаңыз, зерделі үйді дербес компьютер арқылы басқаруға болады, тіпті барлық басқару құралдарын қосуға да болады.

Зерделі үй қандай қызмет көрсете алады?

Тапсырыс берушінің таңдаған функция пакетіне байланысты. Мысалы, сіз жұмыстан шаршап келгенде, ванна қабылдағыңыз келеді – бұйрық беріңіз және зерделі үй сізге ванна дайындап қояды, ал судың температурасы сіз қалаған градуста болады. Немесе жазда аптап ыстық кезінде жұмыстан келгенде, зерделі үйдің кондициялауды жүйесін қосып, бөлмеде белгілі бір температураны орнатқанын қаласаңыз, оған тек сіздің бұйрығыңыз жеткілікті, қалғанын зерделі үй өзі атқарады. Зерделі үй атауы ағылшын тілінде епті, шебер, ұғымтал деген мағынаны білдіреді.

Зерделі үй тек бір керемет зәулім үйге ғана арналмаған, бұл жүйені жеке үйлерде, көп қабатты үйлердің пәтерлерінде де пайдалануға болады. Зерделі үй ұсынатын жайлылық жүйенің әмбебаптылығына, Батыста артып келе жатқан танымалдығына орай кеңінен қолжетімді. Ресейде бұл жүйелердің танымалдығы азырақ, алайда оған деген қызығушылық жыл сайын артып келеді [2].

Зерделі үй деген не?

Зерделі үй ортақ орталыққа бағынатын электроника жүйесімен құрылады. Қазіргі таңдағы осы жүйелердің барлығында екі негізгі бағыты бар: жоғары экологиялық және үнемді нұсқа, олардың ортақ мақсаты – иелеріне жайлылық орнату. Зерделі үй жүйесінің екі басты тапсырмасы бар: қызмет көрсету және сауықтандыру.

Зерделі үй бөлмелері ішінде басқару ҚБ пульты арқылы іске асады, олар бірнеше немесе жалғыз ортақ (әмбебап) болуы мүмкін. Зерделі үйдің «миы» – өзінің жадында басқару бағдарламаларын сақтайтын сервер, ол өте маңызды, сондықтан екінші аналогтық сервер жасақталған. Сол арқылы негізгі басқарушы компьютерде кейбір келеңсіздіктер орын алғанның өзінде зерделі үйдің қызмет көрсетуі тоқтау мүмкіндігі жойылады.

Зерделі үй жүйесін құрайтын құрал-жабдықтың барлық кешенін үй иелері өздері сатып алу мүмкіндігі бар және оларды табу оңай әрі таңдау да көп. Осы жүйелерді басқарудың ортақ орталығын орнату кезінде проблема туындайды. Оларды оңтайландыру – өте күрделі жұмыс. Жайлылық миустары мен моральдық шаршауды есептегенде, құралдар кешені мен барлық жүйені оңтайландыруға жұмсалатын шығындар үй иесін үлкен шығынға ұшыратуы мүмкін. Сондықтан жүйені оңтайландыруды өз жұмысына кепілдік беретін кәсіби мамандарға тапсырған дұрыс. Нәтижесінде тапсырыс беруші толыққанды зерделі үйге ие болады. Сыртқы пішіні бойынша зерделі үй басқа тұрғын үйлерден еш айырмашылығы жоқ, барлық ерекшелік оның ішкі құрылысында, басқару қарапайымдылығында, оны тіпті кішкентай бала да басқара алады. Зерделі үйді басқарудың әмбебап пультінің интерфейсі өте түсінікті, әр тілде мәзірі бар, оны пайдаланудың еш қиындығы жоқ.

Зерделі үй өз иелерінің түрлі сауығу функцияларымен жабдықталған, техникалық тұрғыда олар медиасервер және мультимедиа бөлімдерімен басқарылады. Мысалы, егер ертеректе үй иелері сүйікті бағдарламасын көруді бөлмеу үшін жарнамалық үзілісті күткен болса, мультимедиа жүйесі тұра телебағдарлама немесе фильмді көруді үзбей-ақ ас үйде болуға мүмкіндік береді. Мультимедиа жүйесі зерделі үйдегі барлық аудио және бейне құрылғыларды, аудио және бейне ақпаратты басқарады. Тек соңғы бөлшегі

қалады. Сол ақпаратты бір жерде сақтау керек. Ол үшін зерделі үйде медиасервер жүйесі – аудио және бейне ақпараттың үйдегі кітапханасы бар. Заманауи зерделі үйдің маңызды ерекшелігі – оның басқаруындағы барлық жүйелердің толық өзара әрекеттесуі. Мысалы, медиасервердің телефондық линиямен байланысы келген қоңыраудың сигналын үйдің кез-келген жерінде естуге және өзі тұрған бөлмеден шықпай-ақ, телефон батырмасын баспай-ақ оған жауап беруге мүмкіндік береді. Мультирум жүйесінің арқасында зерделі үй иелерінің отбасы өзінің сүйікті әуендерін үйдің кез-келген жерінде тыңдай алады, тіпті бір уақытта әркім өз сүйікті әуенін тыңдай алады. Мультирум жүйесі теледидарлар мен мониторлар, күшейткіштер мен динамиктерден құралған күрделі техникалық кешен болып табылады, оның орталығы – медиасервер. Зерделі үйдің жүйелерін құрастыру барысында негізгі екпін мен шығындар мультирум жүйесін құруға жұмсалады. Оның ең қымбат және ең күрделі бөлігі – медиасервер. Зерделі үйдегі мультирум жүйесінің құрылымы нақты тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жүргізіледі, ал осы жүйені құрайтын құрал-жабдық аудио және бейне аймақтар санына қарамастан, кез-келген архитектуралық қиындық пен өлшемге арналған шешімдерді табады.

Зерделі үйдегі тұрғын үй қауіпсіздігі.

Бейнекамералар мен аудиокұрылғылар жүйесі үйдің ішіне сырттан рұқсатсыз кіру мүмкіндігін толық жояды. Зерделі үй өз иелерін, үй жануарларын өзі кіргізеді және базада жоқ тұлғаларды кіргізбейді.

Зерделі үй бөлмелерді өзі басқарып отырады.

Зерделі үй жүйелері автоматты түрде қызмет көрсетеді, үй иелеріне бөлмедегі температура мен жарық туралы ойланудың қажеті жоқ. Жүйе барлығын өзі жасайды. Алғашқы уақытта үй иелері жүйенің сыртқы жағдайларға қатысты бөлме жарығын, температурасын, т.б. автоматты түрде реттелуіне үйрену қиын болады. Жобалау кезінде жобалаушы инженерлер жарықтандыру құралдары орналасуын және жарықтандыру қарқындылығын үй иелерінің максималдық жайлылығына сәйкес максималдық үнемділік пен қауіпсіздікпен орнатады.

Зерделі үйде тұрмыстық техникалар өз функцияларын автоматты түрде орындай алады. Мысалы, тоңазытқыш қажетті азық-түлік өнімдеріне интернет арқылы тапсырыс береді, шаңсорғыш үйді тазалайды. Зерделі үйді басқару қызық ойынға ұқсайды, солай емес па?

Егер зерделі үй иелерінің үй жануары болса, зерделі үй иелер жоқ кезінде жануарларды күтеді. Тек жануардың қорегі мен зерделі үйдің орталық компьютерімен басқарылатын автоматты астау ғана қажет. Бұл шешім үй иелері ұзақ уақытқа демалысқа немесе қала сыртына шыққанда ыңғайлы [3].

Зерделі үйдің түрлі жүйелері қалай жұмыс істейді?

Сіздің осындай жүйені орнату туралы қалауыңыз пайда болған жағдай маңызды рөл атқарады. Дайын интерьерге толықтыру жасағаннан гөрі, құрылыс пен жөндеу жұмыстарының алғашқы кезеңдерінде барлық қажет құрылғыларды орнату оңай болады. Алайда шешім әрдайым табылады. Зерделі үй заманауи жүйелері сіздің үйіңізді сымдар өрмегіне айналдырмайды. Дегенмен, кәсіби мамандар айналыспаса, бұл жағдайдың орын алуы да мүмкін.

Зерделі үй немесе сандық үй концепциясы мониторинг территориясында (бұл жағдайда үй немесе пәтер) орын алатын жағдайларды анықтау мен сәйкес шешімдерді ұйымдастыруға негізделген. Негізгі құраушы элементтер ретінде келесі жүйелер қарастырылады: бөлмеге кіру мен бақылауды басқару жүйесі, микроклиматты басқару жүйесі, жарықтандыру мен сумен жабдықтауды басқару жүйесі, сонымен қатар, аудиосигналды, т.б. басқаратын мультирум жүйесі. Әдетте бұл жүйелер тек қарапайым басқару ғана емес, онлайн-интерфейс арқылы басқаруды да қамтиды. Мысалы,

ақпаратты қашықтықта алып, өз төлемдерін қашықтықта басқаруға мүмкіндік беретін GPS коммуналдық есептегіштер кеңнен танымал.

Әдебиет:

- 1.«Студент и наука» 2014 жылғы 13-ші конференция материалдары. - Алматы, 2014ж. – 400 б.
- 2.www.activedom.ru, www.velux.ru , www.pro-passivhaus.com сайттары.
- 3.D. Michelle Addington, Daniel L. Schodek, Harvard University. Smart Materials and New Technologies. For the architecture and design professions. - Oxford OX2 8DP: Linacre House. – 142p.

УДК 106.140.96

**МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА МЕХАНИЧЕСКОЙ ОБРАБОТКИ ФЛАНЦЕВ
ПРОХОДНЫХ ЗАДВИЖКИ ШИБЕРНОЙ С ПРИМЕНЕНИЕМ ПРОГРАММЫ
NCMANAGER НА СТАНКАХ С ЧПУ**

Сериков А.А.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

В настоящее время в условиях постоянной нестабильности мировой экономики, выражающейся в кризисах 2008-2010 и 2015-2016 годах, важнейшее значение приобретает импортозамещение технологического оборудования для газо- и нефтедобывающих компаний Республики Казахстан. Решение данной задачи созвучно приоритетам развития страны, озвученным правительством Республики Казахстан [1]. Одной из позиций технологического оборудования, приобретаемой за рубежом газо- и нефтедобывающими компаниями Республики Казахстан, является задвижка шиберная, которая предназначена для установки на устьевую арматуру скважин. Для обеспечения гарантированного срока эксплуатации задвижки не менее 15 лет, необходимо высочайшее качество её изготовления. Данная задача решается изготовлением деталей задвижки на станках последнего поколения токарно-фрезерной группы с числовым программным управлением (ЧПУ) [2]. Основными проблемами при изготовлении деталей на станках с ЧПУ являются: преждевременный износ/выход из строя твёрдосплавных пластин (вызванный неправильными режимами резания) и ошибки управляющих программ, приводящие к порче/ломке оправок, инструмента, а иногда и к выходу из строя станка. Чтобы избежать вышеперечисленных проблем на этапе изготовления первой детали, нами использовалась программа NCManager для моделирования процесса механической обработки фланцев проходных шиберной задвижки. Программа позволяет в интерактивном режиме моделировать процесс механической обработки (резания, сверловки, фрезеровки и др.) деталей на станках с ЧПУ [3].

Процесс моделирования торцовки, проточки и подрезки фланцев проходных по разработанному нами управляющими программами представлен на рисунке 1.




Рисунок 1. Моделирование процесса механической обработки фланцев проходных в программе NCManager.

При моделировании процесса обработки деталей в программе NCManager были уточнены: режимы резания (в частности скорость вращения детали и рабочие подачи) и траектория движения резца. Данное моделирование позволит избежать повреждений/поломок инструмента.

Выводы

1. Проведено моделирование процесса механической обработки проходных фланцев корпуса задвижки шиберной в программе NCManager по разработанным управляющим программам.
2. По результатам моделирования уточнены: управляющие программы, режимы резания и траектория движения инструмента. Полученные результаты позволят избежать преждевременного износа/выхода из строя твёрдосплавных пластин и порчи/ломки оправок и инструмента.

Литература:

- 1.Официальный сайт «РГП на ПХВ Республиканский центр правовой информации Министерства юстиции Республики Казахстан» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P960000684> (1.03.2016г.).
- 2.Организация, планирование и управление производством: Учебное – методическое пособие/ Под ред. Н.И. Новицкого. - М.: Финансы и статистика, 2006. – 576 с.
- 3.Официальный сайт ООО «Интекс» <http://www.ncmanager.com> (на 1.04.2016г.).

УДК 106.140.96

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА МЕХАНИЧЕСКОЙ ОБРАБОТКИ ФЛАНЦА ПРИВАЛОЧНОГО ЗАДВИЖКИ ШИБЕРНОЙ С ПРИМЕНЕНИЕМ ПРОГРАММЫ NCMANAGER НА СТАНКАХ С ЧПУ

Сериков А.А.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

В настоящее время в условиях постоянной нестабильности мировой экономики, выражающейся в кризисах 2008-2010 и 2015-2016 годах, важнейшее значение приобретает импортозамещение технологического оборудования для газо- и нефтедобывающих компаний Республики Казахстан. Решение данной задачи созвучно приоритетам развития страны, озвученным правительством Республики Казахстан [1]. Одной из позиций технологического оборудования, приобретаемой за рубежом газо- и нефтедобывающими компаниями Республики Казахстан, является задвижка шиберная, которая предназначена для установки на устьевую арматуру скважин. Для обеспечения гарантированного срока эксплуатации задвижки не менее 15 лет, необходимо высочайшее качество её изготовления. Данная задача решается изготовлением деталей задвижки на станках последнего поколения токарно-фрезерной группы с числовым программным управлением (ЧПУ) [2]. Основными проблемами при изготовлении деталей на станках с ЧПУ являются: преждевременный износ/выход из строя твёрдосплавных пластин (вызванный неправильными режимами резания) и ошибки управляющих программ, приводящие к порче/ломке оправок, инструмента, а иногда и к выходу из строя станка. Чтобы избежать вышеперечисленных проблем на этапе изготовления первой детали, нами использовалась программа NCManager для моделирования процесса механической обработки фланцев проходных шиберной задвижки. Программа позволяет в интерактивном режиме моделировать процесс механической обработки (резания, сверловки, фрезеровки и др.) деталей на станках с ЧПУ [3]. Чтобы избежать вышеперечисленные проблемы на этапе изготовления первой детали, нами использовалась программа NCManager для моделирования процесса механической обработки фланца привалочного шиберной задвижки. Программа позволяет в интерактивном режиме моделировать процесс механической обработки (резания, сверловки, фрезеровки и др.) деталей на станках с ЧПУ [3].

Процесс моделирования торцовки, фрезеровки и сверления отверстий в фланце привалочном представлен на рисунке 1. При моделировании процесса обработки деталей в программе NCManager были уточнены: режимы резания (в частности скорость вращения детали и рабочие подачи) и траектория движения фрез, центровки, сверла и метчика. Данное моделирование позволит избежать повреждений/поломок инструмента.

Выводы

1. Проведено моделирование процесса механической обработки привалочного фланца корпуса задвижки шиберной в программе NCManager по разработанным управляющим программам.

2. По результатам моделирования уточнены: управляющие программы, режимы резания и траектории движения инструментов. Полученные результаты позволят избежать преждевременного износа/выхода из строя твёрдосплавных пластин и порчу/ломку оправок и инструмента.




Рисунок 1. Моделирования процесса механической обработки фланца привалочного в программе NCManager

Литература:

- 1.Официальный сайт «РГП на ПХВ Республиканский центр правовой информации Министерства юстиции Республики Казахстан» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P960000684> (1.03.2016г.).
- 2.Организация, планирование и управление производством: Учебное – методическое пособие/ Под ред. Н.И. Новицкого. - М.: Финансы и статистика, 2006. – 576 с.
- 3.Официальный сайт ООО «Интекс» <http://www.ncmanager.com> (на 1.04.2016г.).

УДК-629.113


ІЛІНІС

Турсунбеков Ж.Н.
(СКГУ им. М.Козыбаева)

Ілініс қозғалтқыш трансмиссиясынан қысқа уақытқа ажыратуға және автомобиль орнынан қозғалған кезде және қозғалыс кезінде берілістерді ауыстырып қосқаннан кейін оларды бірқалыпты жалғастыруға арналған.

Іліністерді жұмыс істеу принципі бойынша үйкелістік, гидравликалық және электромагниттік деп жіктейді. Үйкелістік іліністе айналдырушы моментті жетекші бөліктен жүргізілетін бөлікке беру үйкеліс күштерінің есебінен

жүргізіледі, гидравликалықта (гидромуфталар) – сұйықтың ағыны есебінен, электромагниттікте магнит өрісінің көмегімен жүргізіледі.




Сурет 1. Гидравликалық жетекті ілініс механизмінің сұлбасы:

- 1 – иінді білік; 2 – тегеріш; 3 – жетектегі диск; 4 – қысатын диск;
 5 – іліністің қамтамасы; 6 – қысқыш серіппе; 7 – иінтірек; 8 – қысқыш мойынтірек;
 9 – іліністі қосқыш аша; 10 – жұмыс цилиндрі; 11 – түтік; 12 – басты цилиндр;
 13 – іліністің басқышы; 14 – іліністің картері; 15 – тістегеріш;
 16 – беріліс қорабының картері; 17 – беріліс қорабының білігі.

Іліністің басқышын басқанда, жүргізушінің аяғының күші рычаг арқылы басты цилиндрдегі сұйықты жұмыс цилиндріне жібереді, ол цилиндрдегі поршеньді жылжытып, күш мойынтірекке, мойынтірек иінтіректер арқылы қысатын дискіге беріліп, оны жылжытады да, жетектегі дискіні босатады. Иінді біліктен беріліс қорабы ажырайды, ал іліністің басқышын босатқанда, ілініс қайта қосылады. Оны төменгі сұлбадан көруге болады.


Үйкелістік іліністің жұмыс істеу тәртібі және механикалық сұлбасы көрсетілген.



Сурет 2. Іліністің қосылуы және ажыратылуы:

- 1 – иінді білік; 2 – маховик; 3 – ілініс дискісі; 4 – ілініс және беріліс қорабының білігі;
 5 – беріліс қорабының жетекші тісті дөңгелегі; 6 – беріліс қорабының корпусы

Автомобильдерде үйкелістік іліністер кеңінен таралған, олар ілеспелі дискілерден тұрады және санына байланысты бір немесе екі дискілі, ал басушы күштің жасалу әдісі бойынша – серіппелі, сыртқа тепкіш және т.б. жетектің түріне байланысты механикалық немесе гидравикалық болып бөлінеді.



Сурет 3. Бір дискілі ілініс:


1 – қаптама; 2 – басушы диск; 3 – сермер; 4 – жүргізілетін диск;
5 – үйкелістік жапсырма; 6 – иіңтіректер; 7 – жалғастырғыш; 8 – аша.

Іліністің гидравикалық жетегінде күшті басқыштан іліністі өшіру ашасына беру сұйықтықтың көмегімен жүргізіледі. Басқыш басты цилиндрдегі поршеньді жылжытады және сұйықтықты жұмыс цилиндріне құбыр арқылы қысып шығаратын соташыққа әсер етеді. Жұмыс цилиндрінің поршені ашаның көмегімен өшіру жалғастырғышын жылжытады. Ілініс қосылған кезде серіппе жүйені бастапқы жағдайға қайтарады.

Гидравикалық жетектің, механикалықпен салыстырғанда, пайдалы әсер коэффициенті көбірек.

Іліністі басқаруды жеңілдету үшін, жетекте механикалық, пневматикалық немесе вакуумдық күшейткіштер орнатылады.

Гидравикалық ілініс (гидромуфта) жетекші (сорғылық) дөңгелектен, жүргізілетін (турбиналық) дөңгелектен, қозғалмайтын дөңгелектен (реактордан) тұрады.



Сурет 4. Екі дискілі ілініс:

1 – іліністің қаптамасы; 2 – иіңтіректер; 3 – басушы диск; 4 – артқы жүргізілетін диск;
5 – ортаңғы жетекші диск; 6 – алдыңғы жетектегі диск

Гидротрансформаторда, гидромурфтадағыдай, сұйықтың ағыны екі қозғалысқа қатысады, бірақ айырмашылығы – гидротрансформаторда энергияны сорғылықтан турбиналық дөңгелекке беру кезінде айналдырушы сәттің өзгеруі жүреді. Бұған дөңгелек қалақшаларының арнайы құрылымының есебінен және дөңгелектің реактивті әсер етуі арқылы қол жеткізіледі.

Турбиналық дөңгелектегі айналдырушы моменттің сорғылық дөңгелектегі айналдырушы моментке қатынасы трансформация коэффициенті деп аталады.

Турбиналық дөңгелек қозғалыссыз күйде болғанда, $K=2-4$ (шекті мәнді) турбиналық дөңгелектің айналу жиілігінің көбеюімен K коэффициенті сатысыз бірге дейін азаяды.

Турбиналық ω_t және сорғылық ω_n дөңгелектердің айналу жиіліктерінің мәндері жақын болғанда, реактор роликтік жалғастырғыш көмегімен біліктен ажыратылады және еркін айнала бастайды, яғни гидротрансформатор гидрожалғастырғыш режимінде жұмыс істейді.

Айналу жиіліктерінің айырмашылықтары көбейген кезде реактор тоқтайды, сонымен гидрожалғастырғыш режимінен гидротрансформатор режиміне автоматты түрде ауысу іске асады.

Менің ойымша қазіргі заманда үйкелістік ілімі автомобильдерде ең кең тараған. Үйкелістік ілімі айналдырушы моментті жетекші бөліктен жүргізілетін бөлікке беру үйкеліс күштерінің есебінен жүргізіледі. Ең маңыздысы үйкелістік ілімістер бір немесе екі дискіден тұрады. 1 дискілі мен 2 дискілі ілімінің айырмашылығы:

1 дискіліде: сермер, үйкелістік жапсырма, аша мен жалғастырғыштың болуы.

2 дискіліде: артқы жүргізілетін диск, ортаңғы жетекші диск және алдыңғы жетектегі дисктің болуы.

Ал жетектің түріне байланысты механикалық немесе гидравикалық болып бөлінеді. Гидравикалық жетектің, механикалықпен салыстырғанда, пайдалы әсер коэффициенті көбірек болып келеді.

Әдебиет:

1. Вишняков Н.Н. и др. «Автомобиль. Основы конструкции». - М.: Машиностроение, 1986. – 304 с.
2. Михайловский Е.В. и др. «Устройство автомобиля». - М.: Машиностроение, 1986. – 351 с.
3. Вахламов В.К. «Техника автомобильного транспорта. Подвижной состав и эксплуатационные свойства». - М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 528 с.
4. Роговцев В.Л. и др. «Устройство и эксплуатация транспортных средств». - М.: Транспорт, 1989. – 432 с.

УДК 621.383.8

ПРИМЕНЕНИЕ ФОТОЭЛЕКТРИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАТЕЛЕЙ В СИСТЕМАХ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЯ

Шияпова А.С.

(СКГУ им. М.Козыбаева)

Для питания магистральных систем электроснабжения и различного оборудования на КЛА широко используются ФЭП. Кроме того, ФЭП находят применение на наземных стационарных и передвижных объектах, например, в АЭУ электромобилей. С помощью ФЭП, размещенных на верхней поверхности крыльев, осуществлено пита-

ние приводного электродвигателя винта одноместного экспериментального самолета (США), совершившего перелет через пролив Ла-Манш.

В настоящее время предпочтительная область применения ФЭП - искусственные спутники Земли, орбитальные космические станции, межпланетные зонды и другие КЛА. Достоинства ФЭП: большой срок службы; достаточная аппаратурная надежность; отсутствие расхода активного вещества или топлива. Недостатки ФЭП: необходимость устройств для ориентации на Солнце; сложность механизмов, разворачивающих панели ФЭП после выхода КЛА на орбиту; неработоспособность в отсутствие освещения; относительно большие площади облучаемых поверхностей. Для современных ФЭП характерны удельная масса 20 - 60 кг/кВт (без учета механизмов разворота и автоматов слежения) и удельная мощность КПД преобразования солнечной энергии в электроэнергию для обычных кремниевых ФЭ равен В каскадных ФЭП с прозрачными монокристаллами элементов при двухслойном и при трехслойном исполнении. Для перспективных АЭУ, сочетающих солнечные концентраторы (параболические зеркала) и ФЭП на основе гетероструктуры двух различных полупроводников - арсенидов галлия и алюминия, также можно ожидать.

Работа ФЭ основана на внутреннем фотоэлектрическом эффекте в полупроводниках. Внешние радиационные (световые, тепловые) воздействия обуславливают в слоях 2 и 3 появление неосновных носителей зарядов, знаки которых противоположны знакам основных носителей p - и n -областях. Под влиянием электростатического притяжения разноименные свободные основные носители диффундируют через границу соприкосновения областей и образуют вблизи нее p - n гетеропереход с напряженностью электрического поля E_K , контактной разностью потенциалов $U_K = SEK$ и потенциальным энергетическим барьером $W_K = eU_K$ для основных носителей, имеющих заряд e . Напряженность поля E_K препятствует их диффузии за пределы пограничного слоя шириной S .




Рисунок 1. Принципиальная схема фотоэлемента

Напряжение зависит от температуры T , концентраций дырок или электронов в p - и n -областях заряда электрона e и постоянной Больцмана k . для неосновных носителей E_K - движущее поле. Оно обуславливает перемещение дрейфующих электронов из области p в область n , а дырок - из области n в область p . Область n приобретает отрицательный заряд, а область p - положительный, что эквивалентно приложению к p - n переходу внешнего электрического поля с напряженностью $E_{ВШ}$, встречного с E_K . Поле с напряженностью $E_{ВШ}$ - запирающее для неосновных и движущее для основных носителей. Динамическое равновесие потока носителей через p - n переход переводит к установлению на электродах 1 и 4 разности потенциалов U_0 - ЭДС холостого хода ФЭ. Эти явления могут происходить даже при отсутствии освещения p - n перехода. Пусть ФЭ облучается потоком световых квантов (фотонов), которые сталкиваются со связанными (валентными) электронами кристалла с энергетическими уровнями W . Если энергия фотона $W\phi = h\nu$ (ν - частота волны света, h - постоянная Планка) боль-

ше W , электрон покидает уровень и порождает здесь дырку; p - n переход разделяет пары электрон - дырка, и ЭДС U_0 увеличивается. Если подключить сопротивление нагрузки RH , по цепи пойдет ток I , направление которого встречно движению электронов. Перемещение дырок ограничено пределами полупроводников, во внешней цепи их нет. Ток I возрастает с повышением интенсивности светового потока Φ , но не превосходит предельного тока I_n ФЭ, который получается при переводе всех валентных электронов в свободное состояние: дальнейший рост числа неосновных носителей невозможен. В режиме КЗ ($RH=0$, $UH=IRH=0$) напряженность поля $E_{вн}=0$, p - n переход (напряженность поля EK) наиболее интенсивно разделяет пары неосновных носителей и получается наибольший ток фотозлемента $I\Phi$ для заданного Φ . Но в режиме КЗ, как и при холостом ходе ($I=0$), полезная мощность $P=UHI=0$, а для $0<UH<U_0$ и $0<I<I\Phi$ будет $P>0$.

Типовая внешняя характеристика кремниевое ФЭ для внутреннее сопротивление, обусловленное материалом ФЭ, электродами и контактами отводов; q - площадь ФЭ) представлена на рис. 2. Известно, что в заатмосферных условиях, а на уровне Земли (моря) при расположении Солнца в зените и поглощении энергии света водяными парами с относительной влажностью 50% либо при отклонении от зенита на в отсутствии паров воды.

Типовая внешняя характеристика ФЭП монтируются на панелях, конструкция которых содержит механизмы разворота и ориентации. Для повышения КПД примерно до 0,3 применяются каскадные двух- и трехслойные исполнения ФЭП с прозрачными ФЭ верхних слоев. КПД ФЭП существенно зависит от оптических свойств материалов ФЭ и их терморегулирующих защитных покрытий. Коэффициенты отражения уменьшают технологическим способом просветления освещаемой поверхности (для рабочей части спектра). Обуславливающие заданной коэффициент поглощения покрытия способствует установлению необходимого теплового режима в соответствии с законом Стефана-Больцмана, что имеет важное значение: например, при увеличении T от 300 до 380 К КПД ФЭП снижается на 1/3.




Рисунок 2. Типовая внешняя характеристика кремний-германиевого фотозлемента.

Эффективность работы фотоэлектрического преобразователя зависит от оптических и электрофизических свойств полупроводникового материала:

1. Коэффициента отражения света от поверхности полупроводника, чем больше света проникает вглубь базового слоя, тем выше к.п.д.

2. Квантового выхода полупроводника, который показывает отношение числа поглотившихся фотонов к числу генерировавшихся при этом электронов. Этот коэффициент всегда меньше единицы, так как часть фотонов поглощается на различных структурных несовершенствах полупроводника, что не приводит к

генерации электрон-дырочной пары.

3. Диффузионной длины носителей заряда, которая должна обеспечить возможность диффузии пар к энергетическому барьеру, на котором происходит их разделение. Соотношения между диффузионной длиной носителей заряда, глубиной залегания р-п-перехода относительно освещаемой поверхности и толщиной находящегося за ним полупроводникового слоя должно быть совместно оптимизировано.

4. Спектрального положение основной полосы поглощения солнечного излучения.

5. От выпрямляющих характеристик р-п-перехода, которые определяют эффективность разделения носителей заряда.

6. Степени легирования областей полупроводника по обе стороны р-п-перехода, что совместно с требованием минимизации сопротивления других слоев ФЭП, формы и места расположения токосъемных контактов обеспечивает низкое внутренне последовательное электросопротивление источника тока.

По своему конструктивно-технологическому решению фотоэлектрические преобразователи представляют собой наукоемкие изделия электронной техники. Самыми распространенными, надежными и долговечными являются ФЭП на основе монокристаллического кремния, которые впервые были применены десятки лет назад для электроснабжения космических аппаратов. В 2000 году было выпущено ФЭП на основе монокристаллов общей мощностью 200 МВт для наземного применения.

Желание примирить часто взаимно исключающие требования и найти оптимальное компромиссное техническое решение привело разработчиков к выбору исходной конструкции ФЭП. Для фотоэлектрических преобразователей из монокристаллического кремния с гомогенным р-п-переходом, занимающих в настоящее время ведущее положение при применениях, как в космических, так и в наземных условиях, такой конструктивный подход, оптимизируемый под конкретные применения, используется наиболее часто.

Высокая цена установок определяется высокой стоимостью солнечных модулей. При производстве монокристаллических кремниевых ФЭП затрачивается такое количество энергии и труда, которое не окупится в течение всего времени их эксплуатации (20-25 лет). В то же время ФЭП на основе поликристаллической кремниевой ленты являются достаточно коммерчески привлекательными, несмотря на более низкие значения к.п.д., так как в течение их эксплуатации они вырабатывают электроэнергию значительно больше, чем было затрачено на их производство.

По мнению большинства ученых наиболее перспективными для наземного использования являются тонкопленочные ФЭП, низкая стоимость которых при массовом производстве и при достаточной эффективности определяется уменьшением толщины ФЭП в 100 раз. Наибольшую эффективность демонстрируют солнечные элементы на основе пленок полупроводниковых поликристаллических соединений Cu(In,Ga)Se_2 , CdTe толщиной порядка нескольких мкм и пленок гидрогенизированного аморфного кремния aSi:H .

Литература:

1. [Леонид Преснухин, Сергей Майоров](#). Фотоэлектрические преобразователи информации. Изд: Машиностроение, 1974
2. [Ю. Маслаковец, В. Субашиев](#). Полупроводниковые преобразователи. Издательство иностранной литературы, 1959
3. http://mirznanii.com/info/fotoelektricheskie-preobrazovateli-energii_324033

ОЙ-ҚАРАҒАЙ КЕН ОРНЫ КӨМІРІН ЖОҒАРЫ КРИТИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ӘР ТҮРЛІ ЕРІТКІШТЕРМЕН ЭКСТРАКЦИЯЛАУ

Шуланбай А.Ж., Саденова А.А., Матаева З.Т.

(Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті)

Жұмыста Ой-Қарағай кен орны көмірін жоғары критикалық жағдайларда әр түрлі еріткіштермен экстракциялау процесі зерттелді және алынған көмір экстракттерінің құрамы газ-сұйықтық хроматография әдісімен анықталды. Механохимиялық белсендендіру, сонымен қатар полярлы еріткішті қолдану көмірдің органикалық массасының айтарлықтай терең ыдырайтындығын көрсетті. Зерттеу нәтижелері Ой-Қарағай кен орны көмірі маңызды органикалық заттардың әртүрлі кластарын алуда қолданылатын шикізат көзі болып табылатындығын көрсетті.

В работе исследован процесс экстракции угля Ой-Карагайского месторождения в среде различных растворителей при сверхкритических параметрах и методом газожидкостной хроматографии исследован состав угольных экстрактов. Показано, что применение механохимической активации, а также полярного растворителя позволяет осуществить достаточно глубокое разложение органической массы угля. Установлено, что уголь Ой-Карагайского месторождения является перспективным сырьем для получения различных классов ценных органических веществ.

In work process of extraction of coal of the Oy-Karagaysky field in the environment of various solvents is investigated at supercritical parameters and the method of a gas-liquid chromatography investigated composition of coal extracts. It is shown that application of mechanochemical activation, and also polar solvent allows to carry out rather deep decomposition of organic mass of coal. It is established that coal of the Oy-Karagaysky field is perspective raw materials for receiving various classes of valuable organic substances.

Көмір – химиялық және мұнайхимиялық өндірістегі органикалық шикізаттың негізгі балама көздерінің бірі. Көмірдің органикалық массасы көбінесе макромолекулалық құрылымды және молекулалық өлшемді кеуектері болады, сондықтан химиялық өзгерістер еріткіш молекулаларын тасымалдау процестерімен лимитирленуі мүмкін.

Көмірді өңдеуде қолданылатын дәстүрлі технологиялар дамыған сайын төтенше әсер ету химиясы принциптеріне негізделген әдістер көңіл аудартып отыр. Қатты жанғыш қазбалардан көмірсутек өнімдерін алудың келешегі зор әдістердің бірі – көмірді жоғары критикалық жағдайда экстракциялау. Қатты жанғыш қазбалардың жоғары критикалық жағдайда ерігіштік қабілеті артады, тұтқырлығы төмен болады және газдарға жуықтау жоғары диффузия коэффициентімен ерекшеленеді. Аталған мәліметтер жиынтығы көмірдің сұйық өнімдерге айналу конверсиясы мен талғамдылығын арттыруға мүмкіндік береді [1, 2].

Еріткіш ретінде алифатты және ароматты көмірсутектер, гетероциклді қосылыстар, спирттер сияқты әр түрлі кластағы органикалық қосылыстар қолданылады. Бастапқы көмірдің сипаттамалары және өңдеу процесінің параметрлері өзгерген сайын, көмірді экстракциялау өнімдерінің заттық құрамы ауысады. Сондықтан көмір құрылымының негізгі өзгеру заңдылықтарын анықтау үшін температураның кең

аймағында зерттеулер жүргізген жөн. Бұл тәсіл бір жағынан бастапқы көмірдің органикалық массасының құрылымдық өзгерістеріндегі ерекшеліктер туралы білімімізді байытса, екінші жағынан әр түрлі кластағы бағалы химиялық өнімдер алудың тиімді процестерін жасаудың негізі болуы мүмкін [3, 4].

Тәжірибелік бөлім

Органикалық қосылыстардың әр түрлі класын алу үшін шикізат көзі ретінде Ой-Қарағай кен орнының қоңыр көмірі қолданылды. Сапалық көрсеткіштері бойынша Ой-Қарағай кен орнының қоңыр көмірі 3Б технологиялық топтың гумусты көмірлеріне жатады және келесі сипаттамалар тән (масс. %): W^{daf} - 7,8; A^{daf} - 12,0; V^{daf} - 35,0; C^{daf} - 75,0; H^{daf} - 5,2; O^{daf} - 15,4; N^{daf} - 0,7; S^{daf} - 0,1.

Ой-Қарағай кен орны көмірінен бағалы химиялық өнімдердің әр түрлі класын алу мүмкіндіктері қарастырылды және сұйық өнімдердің құрамына талдау жасалды.

Көмірді экстракциялау процесі жоғары қысымды қондырғыда, яғни көлемі 0,25 дм³ автоклапта, 116-320°C температурада және 1,2-4,2 МПа қысым аралығында жүзеге асырылды. Еріткіштер ретінде бензол, толуол, пиридин және төртхлорлы көмірсутек қолданылды. Белгіленген температурада реакция ұзақтылығы 1 сағатты құрады.

Реакция аяқталғаннан соң және автоклав суығаннан кейін қатты қалдық пен сұйық өнім (экстракт) өлшеніп, ал бөлінген газдардың көлемі газометр көмегімен анықталды. Қатты қалдық пен сұйық өнім (экстракт) бір-бірінен центрифуга көмегімен бөлінді. Алынған экстракт қалыпты қысымда айдалды және оның көлемі өлшенді. Ал қатты қалдық бюкске салынып, вакуумды кептіргіш шкафқа қойылды және массасы тұрақталғанша 80°C температурада кептірілді. Бюкстың массасын ескере отырып қатты қалдықтың массасы анықталды.

Көмір экстрактісінің көмірсутектік құрамын анықтау газ-сұйықтық хроматография әдісінің көмегімен «Кристаллюкс-4000М» қондырғысында жүргізілді. Қондырғыдағы детектор температурасы 250°C және капиллярлы бағана қысымы 1,9 атм.

Бастапқы көмірдің реакциялық қабілетін арттыру үшін қатты жанғыш қазбаны зертханалық МЛ-1 ұсақтағыш аспапта 10 минут бойы механикалық активтеуге ұшыратты.

Бастапқы және механикалық активтелген көмірдің ИҚ-спектрлері «Perkin Elmer» фирмасының Spektrum 65 құрылғысында, 4000-450 см⁻¹ диапазонында, калий бромиді таблеткасында түсірілді. Көмір мен калий бромиді арақатынасы 1:200 болды.

ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Көмірді механикалық активтеу процесі органикалық массаның ішінара деполимерленіп реакциялық қабілетін арттыру мақсатында жүргізілді. Қатты жанғыш қазба бөлшектерін бірнеше ондаған микрометр өлшемге дейін ұсақтап механохимиялық активтеу кезінде меншікті бет мөлшері артады, әрі көмірдің органикалық массасының құрамына кіретін қосылыстардың құрылымында едәуір өзгерістер байқалады, сонымен қатар жалпы көмір затының физика-химиялық құрамы айтарлықтай өзгереді. Сонымен қатар көмірге қарқынды механикалық әсер еткенде ұсақтаумен қатар, көмірдің органикалық массасының құрылымын айтарлықтай өзгертетін активтеу процесі қатар жүретінін ескеру қажет [4-6].

Механикалық активтеу кезінде көмір құрылымын деструкциялау процесі жүзеге асады. Бұл өзгерісті бастапқы және механикалық өңделген көмірдің ИҚ-спектрлерінен көруге болады (1-кесте).

1-кесте. Бастапқы және механикалық өңделген көмірдің ИҚ-спектрлерінің сипаттамалары

Тербеліс табиғаты	Қосылыс түрі	Жиілік, см ⁻¹	
		Бастапқы көмір	Механикалық активтелген көмір
ν_{OH}	Гидроксилді топтар	3300 (күшті)	3400 (күшті)
ν_{CH}	Бензол сақинасындағы метилен топтары	2922 (орташа)	2922 (күшті)
$\nu_{C=C}$	Біріншілік амидтердегі көміртектік қос байланыстар	1607 (орташа)	1610 (күшті)
δ_{C-O}	Біріншілік, екіншілік спирттер	1384 (орташа)	1382 (орташа)
ν_{COC}	Ароматты және арилалкилді эфирлер	1264 (орташа)	1274 (орташа)
ν_{C-O}	Фенолдар	1230-1140 (әлсіз)	1230-1140 (әлсіз)
ν_{C-O}	Біріншілік спирттер	1103-1036 (әлсіз)	1103-1036 (орташа)
ν_{HC-CH}	Қанықпаған қосылыстар	450-920 (күшті)	450-830 (әлсіз)

Бастапқы көмірдің ИҚ-спектрінде аминдердің, ароматты көмірсутектердің, ароматты және арилалкилді эфирлердің валентті тербелістеріне тән жұтылу жолақтары анықталды. Механикалық активтелген көмірде бастапқы көмірмен салыстырғанда спиртті гидроксилдерге тән жұтылу жолақтары артты. Механикалық деструкциялану процесі кезінде алифатты қосылыстардағы С-С байланыстары үзіледі, нәтижесінде пайда болған радикалдар ауа қатысында тотығып спиртті топтар түзіледі.

Көмірді экстракциялау процесін жүргізу үшін бензол, толуол, пиридин және төртхлорлы көміртек сияқты еріткіштер қолданылды. Тәжірибені жүргізу жағдайлары 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте. Ой-Қарағай көмірін экстракциялау процесінің параметрлері

Еріткіш	Көмірдің массасы, г	Еріткіш көлемі, мл	Температура, °С	Қысым, МПа
Бензол	5,0	25,0	289,5	5,2
Толуол	5,0	25,0	320,0	2,3
Пиридин	5,0	25,0	115,4	1,2
Төртхлорлы көміртек	5,0	25,0	283,1	1,9

Еріткіштердің қайнау температурасы 76,7–115,3⁰С шамасында, ал критикалық жағдайда еріткіштердің температурасы 115,4–318,6⁰С аралығында болады. Бұл жағдайда қысым 1,9-5,2 МПа жетеді.

Алынған сұйық өнімдер хроматографиялық сараптау әдісімен зерттелді. Зерттеу нәтижесінде бензол экстрактісінде қ-алкандар – қ-бутан, қ-пентан, қ-гексан, қ-гептан, қ-октан, қ-нонан, қ-декан; изоалкандар – изобутан, изопентан, 2-метилпентан, 3-метилпентан, 2,2-диметилпентан, 2-метилгексан, 3-метилгексан, 1,1,3-триметилгексан, 2,4-диметилгептан, 4,4-диметилгептан, 3-метилнонан; алкендер – нонен-3, 2,3-диметилбутен-1; диендер – гексадиен; ароматты көмірсутектер – бензол, толуол, о-

ксилол, кумол, 1,3,5-триметилбензол, 1-метил-2-н-пропилбензол; циклоалкандар – циклопентан, 1,1-диметилциклопентан, изопропилциклопентан, циклооктан, циклодекан-2 сияқты көмірсутектер анықталды.

Бензол экстрактісінің негізгі бөлігін парафиндер (70,32%) мен нафтендер (17,85%) құрайды.

Толуол экстрактісінде қ-алкандар – қ-гексан, қ-октан, қ-нонан; изоалкандар – 2-метилпентан, 2,2,4-үшметилпентан, 2,3,4-үшметилпентан; алкендер – октен; ароматты көмірсутектер – этилбензол, м-ксилол; циклоалкандар – циклогексан, циклогептен-2, метилциклогексан, 1,1-метилэтилциклопентан, циклооктан көмірсутектері анықталды.

Толуол экстрактісінің көмірсутектік құрамы парафиндерден (59,42%), циклоалкандардан (13,62%) және ароматты көмірсутектерден (22,25%) тұрады.

Пиридин экстрактісінде қ-алкандар – қ-бутан, қ-пентан, қ-гексан, қ-гептан, қ-октан, қ-нонан, қ-декан; изоалкандар – изопентан, 2-метилпентан, 3-метилпентан, 2-метилгексан, 2,3-диметилпентан, 3-метилгексан, 2,3,3-үшметилпентан, 2,2,4-үшметилгексан, 2,4,4-үшметилоктан, 2,3,4-үшметилгептан, 2,3,4-үшметилгексан, 2,2,3-үшметилгексан, 3-метилоктан, 2,5-диметилоктан, 2,3-диметилоктан, изононан, 4-метилнонан, изононан-8, изодекан-2; алкендер – пентен-3, гексен-1, транс-гексен-3, цис-гексен-3, гептен-2, гептен-9, гептен-10, гептен-14, октен-1; ароматты көмірсутектер – бензол, толуол, этилбензол, м-ксилол, п-ксилол, о-ксилол, кумол, 1-метил,3-этилбензол, 1-метил,4-этилбензол, 1,2,4-үшметилбензол, екіншілік бензол, 1,2,3-үшметилбензол, 1-метил-3-пропилбензол, 1-метил-2-пропилбензол; циклоалкандар – метилциклопентан, циклогексан, 1-цикло,3-диметилциклопентан, 1,1-метил-этилциклопентан, изопропилциклопентан, цикло-октан-8, циклооктан-10, изобутилциклопентан, циклодекан-3, циклодекан-4, циклодекан-6, циклодекан-10 табылды.

Пиридин экстрактісі изоалкандарға (15,64%), циклоалкандарға (14,79%) және ароматты көмірсутектерге (67,72%) бай.

Сонымен алынған нәтижелерге талдау жасай отырып, көмір экстрактілерінің құрамы еріткіштердің табиғатына тәуелді деп қорытынды жасауға болады. Көмір экстрактілерінің негізін қалыпты, изо- және циклоалкандар, ароматты көмірсутектер құрайды (3-кесте).

3-кесте. Көмір экстрактілерінің көмірсутектік құрамы.

№	Көмірсутектер	Еріткіштер		
		бензол	толуол	пиридин
1	қалыпты алкандар	70,32	59,42	0,95
2	изоалкандар	4,43	3,66	15,64
3	алкендер	1,26	1,05	0,90
4	циклоалкандар	17,85	13,62	14,79
5	арендер	6,14	22,25	67,72

Алынған нәтижелерді ескере отырып көмірді экстракциялау процесінің материалдық балансы құрылды (4-кесте).

4-кесте. Ой-Қарағай кен орны көмірін экстракциялау процесінің материалдық балансы

Еріткіш	Масса	Өнімдердің шығымы, % масс.	Барлығы,
---------	-------	----------------------------	----------

	(көмір+ еріткіш), г	газ	сұйық өнімдер	қатты қалдық	шығын	%
бензол	26,91	7,69	82,94	4,76	4,63	100
толуол	26,75	6,84	83,59	5,08	4,52	100
пиридин	29,50	7,49	84,95	3,42	4,14	100
төртхлорлы көміртек	44,75	5,63	86,59	3,44	4,35	100

Кестеден көрініп тұрғандай, көмірді экстракциялау процесі кезінде еріткіштің критикалық температурасында көмірдің органикалық массасының айналу дәрежесі шамамен 83-86% құрайды. Бұл жағдайда пиридин өте тиімді еріткіш болды.

Сонымен, қоңыр көмірді әр түрлі еріткіштердің қатысында жоғары критикалық жағдайда экстракциялау арқылы органикалық массаны айтарлықтай терең ыдыратуды жүзеге асыруға болады, ал алдын-ала механикалық активтеу көмірді өңдеу тереңдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Гюльмалиев А.М., Головин Г.С., Гладун Т.Г. Теоретические основы химии угля. – Москва: изд. МГГУ, 2003.
2. А.В. Борисенко. Углекислотная экологизация угольной отрасли // Горный информационно-аналитический бюллетень (научно-технический журнал). Изд-во: Московского государственного горного университета. 2005. - № 10. – С.188-195.
3. Б.Н. Кузнецов. Моторные топлива из альтернативного нефти сырья. // Соровский образовательный журнал. Том 6, - № 4, 2000. – С. 51-56.
4. Полубенцев А.В., Пройдаков А.Г., Кузнецова Л.А. Интенсификация процессов охижения бурых и каменных углей методами механического воздействия // Химия в интересах устойчивого развития. 1999. - № 7. – С. 203-217.
5. С.М. Колесникова, П.Н. Кузнецов. Экстракция угля толуолом и водой при сверхкритических условиях. //Химия твердого топлива, 2008, - №2, - С. 21-23.
6. Хренкова Т.М. Механохимическая активация углей. М.: Недра. 1993.